

**"Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1671
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 879 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы
№ 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1671 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 45, 431-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызмет стандартында:

3-тармақтың 3) және 4) тармақшалары алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін мемлекеттік баж алынады, ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің 125 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар баждың мөлшері мен төленген күнін растайтын төлем құжатын б е р е д і . » ;

16-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

««Д» санатындағы көлік құралдарын, троллейбустар мен трамвайларды басқаруға құқық беру кезінде жиырма бір жасқа толмаса және жүргізушінің кемінде үш жыл жұмыс өтілінің, оның ішінде кемінде бір жыл «С» санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілінің болуын растайтын құжаттарды

ұ с ы н б а с а ; » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК